

«Өртенген мұздақ»

Автор - Нанна Хайтманн

Сапон амбассадоры

Алдыңғы жақта – отқа оранған ағаштың қап-қара діңгегі. Жалғыз тұрған ағаштың түбіндегі қабығы тұтанған. Күл шашқан жалын саябырсып, діңгектің қақ ортасында тағы бір ошақты маздатады.

Суретте жалын жалғыз осы ағашты шарпыған. Артқы жағында от тимеген мәңгі жасыл ағаштар көрінеді, ал сыздықтаған түтін жоғары көтеріліп барады. Суретте суық көкшіл реңктер басым, сол үшін ортадағы жалын орынсыз көрінеді. Оны күн батқаннан кейін түсірдім. Негізгі жарық ағашта жылт-жылт еткен екі шоққа бағытталған.

Іңірде маздаған шоқ – ағашты жарып шыққан тоқтаусыз, бой бермейтін, ішінен жегідей жеп, жалмап жатқан күш. Артқы жағында солдан оңға қарай қиғаштап жатқан көкмайса шөп – отты ауыздықтайтын траншея.

Бұл – «Жалынға оранған мұздақ» топтамасындағы суретім. 2021 жылы мәңгілік тоңның еруін, орман өрттерін зерттеуге арналған жобамен Ресейдің Қиыр Шығысындағы Саха елінде (Якутия деп те аталады) бірнеше апта болдым. Сол жылы жойқын өрт шығып, қалың түтін басып, мәңгілік тоң ереді.

Саха елдің солтүстік-шығысында үш миллион шаршы шақырымнан астам аумақты алып жатыр, 40% полярлық шеңберден тыс орналасқан. Жер бетіндегі ең суық мекеннің бірі.

Қыста температура -60°C -қа дейін төмендейді, ал жазда 40°C -қа дейін көтеріледі. Антарктиданы қоспағанда, тұрғындар ең суық қысқа үйреніп қалған. Бірақ соңғы жылдары Ресей Арктикасындағы жазғы температура Фаренгейт бойынша 100° -қа жетіп, алапат орман өрттерін тудырды. Бір кездері мәңгі тоң болған жер ери бастады.

Бақылау-бағалау бағдарламасы Арктиканы әлемдегі орташа көрсеткіштен үш есе жылдам жылынып жатқанын айтады. Сахада өрттер – экожүйенің табиғи құбылысы, жайлы көктемді жаздың ыстығы, қапырық алмастырып, өрт жиі шығатын маусым орнайды.

Сол жылы, Гринпис мәліметтерінше, 18,16 миллион гектардан астам жер өртенген. Жерсеріктік бақылау басталғаннан бергі рекорд. Грекияны, Түркияны, Италияны, АҚШ, Канаданы қосқандағыдан көбірек. NASA жерсеріктерінің суреттерінде түтін Солтүстік полюске 3000 шақырымнан астам таралған.

Оған қоса орташа температураның көтерілуінен тоңда жатқан өсімдіктерден тұратын, органикалық көміртегі көп топырақтың, тау жыныстарының – мәңгі тоңның бұзылуының белгілері бар.

Тоң ерісе, бәрі шіріп, бұдан күшті буланған газға айналатын көмірқышқыл газын, метан бөледі. Экологтар өрттен мұз басқан тундрадан одан да көп көміртегі шығып, Сібірдің мәңгілік тоңы, шымтезек алқаптары ериді деп қауіптенеді.

5 шілдеде Кюереляхқа өрт жақындады деп, сонда бардық. Шалғай, тайганың ну ормандарында мәңгілік мұз құрсауында.

Орманнан қалың түтіннің будақтағанын, жол талғамайтын ескі көліктермен, мотоциклдермен жалынға бет алған жергіліктілерді көрдік.

Жалаң қолмен кірісіп, өртпен күректің, қаптардың көмегімен күреседі. Тайга тамырларына қан жүгіртетін жалғыз жүйе болғандықтан, оны қорғаудан басқа амалы жоқ.

Ағаштан отын дайындайды, аң аулайды, жидек, саңырауқұлақ тереді. Сондықтан жаз бойы тайгада тоңды ерітетін өрттермен күреседі.

Жоба орман өрттерімен күресуге қатысты ойларыма қарама-қайшы болды. Сахада жалаңдаған жалынды сумен сөндіру сырттан тамашалайтын драма емес. Күрес негізінен түнде, жергіліктілер айтпақшы, «от ұйқыға кеткенде» басталады. Қараңғыда ыстық басылып, ылғал артады, өрттің шыққан жерін анықтап, сөндіру үшін көбірек мүмкіндік туады.

Жергіліктілер өрттің таралуын тоқтату үшін отты айналдыра траншея қазады. Бірақ аймақ күні ұзақ, жазда күн батпайтын қиыр солтүстікте орналасқан.

Canon EOS R, 35 мм-мен түсірген суретім Арктикадағы адамдардың, мәңгі тоңның жағдайын тереңірек түсінуімізге септеседі деп үміттенемін.

Парниктік газдар, тіпті түрлі аурулар тоңда миллиондаған жылдар бойы сақталады. Тоң ерісе, олар босап шығады. Тосқауыл болу үшін қолдан келгенді жасауымыз керек.

Мен үшін сурет табиғаттың нәзіктігін бейнелейді: жалын ағашты ішінен жалмаса да, айналасы – бәз-баяғы қалпы.